

6D021300 – Лингвистика мамандығы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған Түзельбаева Диана Мухтаровнаның «Телебағдарламалардағы глоттониялық дискурс прагматикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор Айманкүл Алдаштын

ЖАЗБАША ШІКІРІ

Р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 <u>Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</u></p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасындағы ғылымды дамытудың бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларда көрсетілген міндеттерге сәйкес келеді.</p> <p>Олардың негізгілері төмендегілер:</p> <p>1. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы)</p> <p>2. «Мәдениеттің барлық бағыттарын дамытудың жүйелілігі мен кешенділігі» және «мәдениеттің үдемелі дамуының тарихи сабақтастығы мен үздіксіздігі», «қазақстандық материалдық емес мәдени мұра элементтерін танымал етуге ықпал жасау» деп аталатын қағидағтар бекітілген «Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы).</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеудің нысанасы қазақ мәдениеті мен тілтаным үшін бірнеше позицияда маңызды және өзекті. Бұл ретте бірнеше маңызды факторды атап өтеміз. Біріншіден, тіл стратегиясына байланысты қазақ тілінің қолдану аясын ұлғайту мәселесіне

		<p>катысты өзекті жайттар саралағанда, негізінен массмедиа, оның қатарында телеарна мамандарының сөз мәдениетін арттырудың маңыздылығына назар аударылды. Екіншіден, қазіргі кезеңде қазақ телеиндустриясы қарқынды дамыды, қалың жұртшылыққа ақпарат жеткізу, әлеуметтік-мәдени хабарлармен қатар жеке тұлғалардың имиджін танытуға бағытталған ойын-сауық бағдарламалары арналардан көрініс тапты. Телеиндустрияның формасы, форматы жаңа ішкі жанрларын құрылымымен салыстыра отырып, лингвистиканың прагматика, дискурс, сөз мәдениеті, әдеби норма, тілдің қолданысы салалары бойынша кешенді зерттеу – қазақ тілтанымның маңызды және өзекті тұсы. Осы тұрғыдан келгенде, қорғауға ұсынылған зерттеуде аудиовизуалды контенттің бірлігінен жасалатын тележанрдың бір түрінің прагматикалық сипатын жан-жақты қарастырылуы, тұтастай алғанда, тілді дамытудың басым бағыттарына арналған ғылыми-теориялық зерттеулерге үлес қосады.</p>
<p>3. Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>	<p>Өзі жазу принципі бойынша ізденушінің диссертацияны жазу сапасы «жоғары» деп бағаланады. Диссертант академиялық жазылым талаптарын сақтаған және ғылыми мәтіннің стильдік мүмкіндіктерін терең меңгерген. Мәтіндегі дәйектемелер жүйелі әрі логикалық байланысқа ие, ізденуші белгілі бір көзқарастарды қайталамай, оларды талдап, өзіндік қорытындылар жасаған, тұжырымдарды беруде логикалық тұтастық сақталған. Жұмыстың бағытына сәйкес ғылыми терминологиялық қорды қолдануы, зерттеу әдістері мен деректерді интерпретациялау тәсілдері «жоғары» деңгейде ұсынылған.</p>
<p>4. Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>4.1 Қазақ тілтанымында лингвопрагматика, дискурс жөнінде біршама маңызды еңбектер бола тұрса да, тіл ғылымының осы тармақтарының әлі де болса, тереңдетіле түсетін тұстары бар. Байыпты тереңдеп барудың бір тұсы – ішкі жанрлық ерекшеліктерге қарай ауызша және жазба мәтіндердің</p>

		<p>коммуникативті жағдаяттарға қарай прагматикалық қуатының өзгеруі. Бұл ретте екі маңызды мәселе бар. Біріншісі – ішкі жанрлардың категориялыды құбылыс екендігін анықтау. Лингвопрагматиканың жалпы стратегиясымен қатар әрбір ішкі жанрдың ерекшеліктеріне қарай прагматикалық стратегия көбейе түседі. Зерттеу нысанасына алынған аспаздық бағдарлама – құрылымы мен тілдік бірліктердің ұйымдасуы бар, реалды қарым-қатынас түрі, интерактивті дискурс. Осы тұрғыдан диссертацияда аспаздық тележанрның мультимодальды тілдік құралдары, прагматикаға байланысты негіздеу, түсіндіру, көрерменнің назарын аудару стратегиялары сияқты күрделі ерекшеліктер жақсы таратылған, дәлелденген, негізделген. Бұл үшін ізденуші тарапынан лингвистикалық және лингвопрагматикалық әдістер қолданылған.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u>; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>4.2. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны диссертация тақырыбын толық және жан-жақты айқындайды. Жұмыстың құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін, логикалық реттілікпен жүйеленген үш бөлімге жинақталған. Бөлімдер мен тараушаларда медиалингвистика, прагмалингвистика, глоттониялық дискурс, масс-медиадағы дискурс прагматикасы және коммуникация теориясы мен диалог табиғаты жөніндегі ғылыми ұстанымдар сарапқа түскен, қазақ және ағылшын аспаздық тележанрлардағы сөйлеу стратегиялары мен тактикаларын салыстыру үшін жеткілікті эмпирикалық база жинақталған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>4.3. Зерттеудің мақсаты – ең алдымен глоттониялық дискурстың прагматикалық қызметтері мен коммуникативтік стратегияларын дәйектеу. Келесі маңыздысы – аспаздық тележанрдың жанрлық және композициялық ерекшеліктерін қарастыру. Бұл мәселелер, сөз жоқ, осы жанрда қазақ тілінің құрылымдық сипаты және сөз байлығы қалайша ұйымдасалды деген мәселені анықтауға</p>

		<p>байланысты. Осы мақсат аясындағы міндеттерді шешуде, әрине, лингвопрагматика және медиадискурс салаларына қатысты көп мәселелер зерделеп, типологиялық құрылымы әр басқа тілдердегі медиаканрмен салыстыра келе, зерттеушінің негізгі дiттегенi нысанға алынған тележанрда қазақтың ұлттық-мәдени болмысының қалайша берiлетiнiне барынша назар аударуы. Ұлттық киiм, ишара, жест сияқты аудиовизуалды белгiлер, қазақ сөзiнiң шынайы, табиғи сипат коммуникативтiк актiде қалай қолданылады, мiне, осы мәселе, зерттеудiң негiзгi астарлы мақсат-стратегиясы деп танимыз.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлiмдерi мен ережелерi логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) iшiнара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлiмдерi мен құрылысы логикалық жағынан толық байланысқан. Бiрiншi бөлiмде ұсынылған ұғымдық-терминологиялық база мен прагматика, дискурс жөнiндегi пайымдар кейiнгi тараулардағы нақты тiлдiк деректердiң сипаттамасына әдiстемелiк негiз болады. Ал тiлдiк бiрлiктерге жүргiзiлген семантикалық, функционалдык, прагматикалық талдаулар лингвомәдени интерпретациялармен ұштасып, жұмыстың iшкi құрылымын дәйектi жүйеге айналдырады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешiмдер (қағидаттар, әдiстер) дәлелденiп, бұрыннан белгiлi шешiмдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау iшiнара жүргiзiлген; 3) талдау өз пiкiрiне емес, басқа авторлардың сiлтемелерiне негiзделген; 4) талдау жоқ. 	<p>4.5. Iзденушiнiң тарапынан ұсынылған жаңа шешiмдер теориялық тұжырымдармен және әдiстемелiк жүйемен дәлелденген, тақырыпқа байланысты бұрыннан белгiлi шешiмдермен салыстырылуы және сыни бағалануы жеткiлiктi деп бағалауға болады. Тележанрдың негiзгi ықпал ету құралы – қатысушылар арасындағы диалог, сөйлеу, сөйлеудi құрайтын сөз. Қазақ тiлiндегi аспаздық бағдарламалардың барлығында да дерлiк диалогқа түсетiн сөздер мен құрылымдардың айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Мәселен, прагматикалық түсiндiру стратегиясы бойынша екi тiлдегi 9 аспаздық бағдарламаның 15 толық эпизоддың талдау барысында iзденушi қатысушылардың сөйлеу сапасын салыстырғанда, мәселен, түсiндiру стратегиясына байланысты мол фактi ұсынған. Өзара</p>

		<p>әңгімелесушілердің арасында тілдің табиғи заңдылықтарын сақтауға ұмтылыс, стандартты тіл, бағдарламаның форматынан шыға алмай, сөзін тез қайыру, эллипсис құрылым, инверсия жайттары байқалады.</p> <p>Ізденуші тарапынан коммуникативтік жағдаяттарда ақпаратты айқындау, нақтылау, тыңдаушыға түсінікті етіп жеткізу барысында қолданған прагматикалық және коммуникативтік тактикалары толық жинақталып, дәлелденген. Бұл тактикалар тілдік өзара әрекеттестіктің тиімділігін арттыруға бағытталған дискурстық стратегиялар жүйесіне жана ғылым шешімдер мен ұсыныстар қосатындығын ағап өтеміз.</p>
<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жана ма?</p> <p>1) <u>толығымен жана</u>; 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жанаасы 25%-дан кем).</p>	<p>5.1. Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен қағидағтар, тұтастай алғанда, «толығымен жана» деп бағаланады. Ең маңыздысы – нысанасы ғылыми тұжырымдармен эмпирикалық базамен негізделген зерттеу лингвопрагматика саласының, дискурстың коммуникативтік-тілдік категориялды сипаттарын жанашыл тұжырымдар арқылы кеңейтеді, телеиндустриядағы басқа да түрлі ток шоу, бағдарламалардың прагматика, дискурс аспектілерінде талдауға негіз бола алады. Зерттеудегі талдаулар мен жана қорытындылар казак медиалингвистикасының ұлттық контексте қалыптасуындағы проблемалар, казак сөз мәдениеті, ауызша сөзсаптама салалары бойынша ғылыми ізденістерге таяныш бола алады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жана ма?</p> <p>1) <u>толығымен жана</u>; 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жанаасы 25%-дан кем).</p>	<p>5.2. Диссертацияның қорытындылары «толығымен жана» деп танымыз. Бірінші маңызды қорытынды – теледискурс саласында вербалды және бейвербалды коммуникацияның қатар келіп, көпденгейлі дискурсивтік құрылым түзген жағдайындағы прагматикалық ықпалдың прагмастратегиялық және коммуникативтік тұрғыдан әбден негізделуі. Екінші маңызды тұсы – бір тележанрдың казак тілтанымында алғаш рет құрылымдық, тілдік, әсер-қуаты жағынан кешенді талдануы. Талдау нәтижелерінің жаналығы казіргі казак</p>

		<p>Медиакоммуникациясына қатысты қарастыратын көптеген проблемалардың бар екендігін көрсетеді. Мәдениеті басқа елдердің медиааланындағы теледискурстың ерекшеліктеріне аудиовизуалды бейімделу болғанымен, казак телеиндустриясының басты мақсаты – казак тілін насихаттау, қоғам мүшелерінің саналы позициясын қалыптастыру, осы себепті теледискурстың қазіргі заманғы моделін ұлттық контексте сипаттауға қатысты зерттеудегі ұсыныстары мен тұжырымдар жаңа болып танылады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>5.3. Диссертациялық зерттеуде ұсынылған барлық шешімдер «толығымен жаңа» болып саналады. Бұл ретте прагматлингвистика, медиадискурс салалары бойынша тұжырымдар тележанрларға аудиовизуалды тұрғыдан ұқсастығы бар қазіргі цифрлық кеңістіктегі тіл қолданысының технологияларын жетілдіруге үлес қосады. Зерттеу сонымен қатар телемедияның басты белгілері – интерактивті сипат пен ұлттық-мәдени ерекшеліктердің ғылыми-қолданбалы тұрғыдан талдануы тележанрлардың басқа түрлерін әсіресе ұлттық танымға сәйкестендіріп модельдеуді жетілдіруге ықпал етеді, массмедиа дискурсы теориясының терминологиялық аппаратын кеңейтеді.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (күолигатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дәйрлік бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес әр тарауда және жұмыстың сонында берілген қорытындыларда зерттеудің нысанасы, өзектілігі, маңыздылығы, жаңалығы толық негізделген. Квалитативті зерттеу (Qualitative research) тұрғысынан нақты дереккөзден алынған тілдік фактілерді лингвистикалық әдістер және эксперимент арқылы терең, әрі сапалы талдау негізінде әлеуметтік және мәдени құбылыстарға қатысты жаңа теория мен модельдер әзірленген, теориялық тұжырымдар мен прагматикалық стратегия модельдері жұмыс қорытындыларының ғылыми және әдіснамалық негіздерін бекіте түседі.</p>

7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жана ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Колдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің колдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар (ережелер) толық дәлелденген.</p> <p>Глютониялық дискурстың барлық сипаттамасын дәйектеу мақсатында ізденуші тарапынан екі негіздеме бар: а) іргелі зерттеулерді жан-жақты зерттеуі арқылы контекстік анализ, дискурсивті анализ мәселелерін ажыратуы, екіншісі – глютониялық теледискурсты лингвистикалық категория деп анықтауы. Осы соңғы дәйектемесіне байланысты жұмыста коммуникативтік, прагматикалық мақсаттары бірдей, ортақ, аудиовизуалды сипаттары ұқсас, тілдің колданысында да ортақтар мен ұқсастықтар бар жиынтық, категориялды құрылым екендігі толық негізделген.</p> <p>Екінші тұжырым бойынша аспаздық бағдарлама қатысушылар тілді қалай колданады, казак мәдениетін насихаттаудың қандай жолдары бар, көрерменге қалай әсер етеді деген тұрғыда коммуникативті тәжірибе жинақталып келе жатқан, ұлт мәдениетінің құндылық бағыттарын танытуға үлес қосатын жаңа теле жанр екендігі анықталған. Осыған байланысты зерттеуші мол эмпирикалық материалды жинақтап, прагматикалық қуаты бар тілдік бірліктерді топтастырып, эксперимент жүргізу, эксперимент нәтижелерін қорыту арқылы тұжырымдар жасаған.</p> <p>Глютониялық бағдарламада тілдің колданысымен қатар тележанрдың прагматикалық қуатын арттыруға ықпал жасайтын семиотикалық белгілер анықталған. Тележанрдың семиотикалық белгілері ретінде аудиокосымша, визуалды көріністер талданып, олар глютониялық теледискурстың мультимодальді табиғатымен үйлесетіндігі, диалог пен семиотикалық кешен синхронды прагматикалық әсер беретіндігі, осы сипаттар, сайып келгенде, ұлттық мәдениетті насихаттайтындығы дәлелденген.</p>
--	--	--

		<p>Қазақтілді глоттониялық теледискурс пен ағылшынтілді теледискурсты салыстыру нәтижесінде жұмыста аспаздық телебағдарламалардың форматында ұқсастық болғанымен, ұстанатын бағытында айырмашылықтар бар екендігі сипатталған. Салыстыру нәтижелерінің маңыздылығы – қазақ теледискурсының ұлттық-мәдени кодтардың шоғырлануымен ерекшеленетіндігінде. Барлық тұжырымдар зерттеудің тарауларында тарағылып баяндалған.</p> <p>7.2. Тривиялды емес (жок). Медиалингвистика саласындағы ішкі жанрлардың лингвистикалық, ұлттық-мәдени, прагматикалық және дискурстық табиғаты толыққанды жүйелі қарастырылған сапалы зерттеу.</p> <p>7.3. Толыққанды жана (иә). Зерттеудегі қағидағардың жанаалығы зерттеу барысында мына аспектілерден анық байқалады. Медиалингвистика саласының, прагмалингвистиканың, дискурс құрылымының ғылыми бағыттарын, зерттеу әдістерін толықтырады және жетілдіреді, диалог құрылымы арқылы ұлттық таным үлгілерін насихаттаудың мүмкіндіктерін ашады.</p> <p>7.4. Колданылу денгейі ауқымды, кең. Зерттеу нәтижелері тек теориялық лингвистика шеңберінде ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық қарым-қатынаста, лингводидактика, аударматану, тіл үйрету әдістемесі сияқты көптеген гуманитарлық және колданбалы салаларға тікелей қатысты. Әлеуметтік желідегі коммуникация этикеті мен оның прагматикалық сипаты үшін де маңызды, зерттеу нәтижелерін заманауи цифрлық коммуникация саласында колдануға толық мүмкіндік бар.</p> <p>7.5. Зерттеу нәтижелері ізденушінің авторлығымен жарияланған 6 ғылыми мақалада дәлелденген (иә).</p>
8. Дәйектілік қағидағаты.	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u> :	8.1. Иә. Зерттеудегі әдістеменің тандауы негізделген және диссертациялық жұмыстың әдіснамасы нақты жазылған. Жұмыстың теориялық және эмпирикалық бөлімдерін ұсыну

<p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.4 Мамандық мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Үшін таңдалған зерттеу әдістері тақырыптың әдіснамалық мазмұнын ашуға толық мүмкіндік береді. Әсіресе дискурстық талдау Глюгтониялық бағдарламаның прагматикалық, лингвистикалық табиғатын толық негіздейді.</p> <p>8.2. Иә. Зерттеу жұмысының өзектілігі мен жанашылдығының бірі ретінде автордың қазіргі заманғы коммуникативтік кеңістіктегі өзгерістерге – әсіресе цифрлық дискурстағы контентке қатысты лингвистикалық, прагматикалық тұрғыдан ізденістер болғанда, әлеуметтік желі мен онлайн-коммуникацияның ұлттық-мәдени контекске бейімделуіне үлгі, бағдар бола алады.</p> <p>8.3. Жоғары оқу орнында білім алатын 89 студент арасында эксперимент пен сауалнама жүргізілген. Сынаққа қатысушылар жүргізуші мен қатысушылардың вербалды және бейвербалды сипаттары, бағдарлама мазмұны және бейнематериалдары арнайы шкала бойынша бағаланған. Эксперимент пен сауалнама нәтижелері бүтінгі жастардың танымдық-білімдік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.</p> <p>8.4. Иә. Диссертация тақырыбының бағытына сәйкес зерттеудегі ұсынылған теориялық қорытындылар соңғы онжылдықтағы қазақ медиаарналарында жүргізілген аспаздық бағдарламалардың кешенін прагматика, дискурс тұрғысынан талдау мен негіздеу үшін әлемдік лингвистикадағы және қазақ тілтанымындағы ғылыми әдебиеттер толық қарастырылған.</p> <p>8.5. Әлемдік лингвистикадағы және қазақ тіл біліміндегі прагматика, дискурс проблемаларымен қатар мәтін мен дискурстың айырым белгілері, медиакеңістіктің мәні, құрылымы, қызметі, ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің</p>
---	---	--

			тілдік суреті сияқты маңызды мәселелерді қамтитын 200-ден астам ғылыми әдебиет зерделенген.
9	Практикалық күндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>бар</u>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>9.1. Иә. Диссертация теориялық маңызға ие. Зерттеу нәтижелері жалпы тіл білімінің дискурс теориясы, прагматлингвистика және мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы сияқты салалары үшін өзекті әрі ғылыми маңызы бар.</p> <p>9.2. Зерттеудің практикалық құндылығы. Негізгі тұжырымдарды, тілдік фактілердің жүйеленуін медиалингвистика, лингвопрагматика, лингвомәдениеттану, стилистика, дискурс теориясы бағыттарында пайдалануға болады. Сондай-ақ телеиндустрия саласындағы мамандарға ұсыныс ретінде де өте пайдалы.</p> <p>9.3. Зерттеудің практикалық құндылығы. Негізгі тұжырымдарды, тілдік фактілердің жүйеленуін медиалингвистика, лингвопрагматика, лингвомәдениеттану, стилистика, дискурс теориясы бағыттарында пайдалануға болады. Сондай-ақ телеиндустрия саласындағы мамандарға ұсыныс ретінде де өте пайдалы.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>10. Ізденушінің академиялық жазу сапасын «жоғары» деп бағалауға болады. Білім бағдарламасының бағытына сәйкес ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарды толық қанағаттандырады, сілтемелер мен дәйексөздер дұрыс ресімделген, диссертацияның техникалық ресімделуі талаптарға сәйкес келеді.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>11. Зерттеумен мұқият таныса келе, диссертанттың алдағы ізденістерін тереңдете түсуге үлес қосар деген оймен мына мәселеге назар аудартамыз. Нысанға алынған аспаздық бағдарламаның коммуникативтік, прагматикалық тірегі – диалогтық қарым-қатынасқа түсетін тіл. Бұл ретте, ұлттық-мәдени құндылықтарды насихаттау мақсатында қазақ ұлттығына тән ауызша сөзсаптамының ерекшеліктері маңызды. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында қазақтың</p>

		<p>дәстүрлі ауызша сөзсаптамына қатысты іргелі зерттеулер жүзеге асырылды. Тележанрдың прагматикалық қуатын арттыра түсетін тілдік бірліктерді талдағанда, осы зерттеулердегі диалог, монолог түріндегі ауызша сөзсаптамның тілдік, құрылымдық негіздемелерін кеңінен пайдаланғанда, тележанрдың дискурсивті, прагматикалық талдануы жетіле түскен болар еді.</p>
<p>12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>12. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша жарық көрген ғылыми мақалалар диссертация тақырыбының шынайылығын қамтамасыз етеді. Олардың ғылыми деңгейі зерттеудің мақсатын айқындайды және зерттеу міндеттеріне қолжеткізудің шынайылығын көрсетеді. Докторант тақырыпқа сәйкес ізденіс нәтижелерін Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан ұсынылған журналдарда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, шетелдік ғылыми басылымдарда, жалпы 6 мақала түрінде жариялаған.</p>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>PhD 6D021300 – ЛингвистикаФилософия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған Тузельбаева Диананың «Телебағдарламалардағы глоттониялық дискурс прагматикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін беруге қоятын талаптарына толық сәйкес келетін, ғылыми жаңалығы бар, медалингвистика, прагмалингвистика, дискурс теориясы және мәдениетаралық коммуникация теориясы аясында тың бағыттар</p>

		<p>ұсынған, аталған бағыттардың әрі қарайғы дамуына елеулі үлес қосатын, ұсынылған қорытындылары теориялық және практикалық маңызға ие зерттеу. Осы аталғандардың негізінде Түзельбаева Диана РнД 6D021300 – Лингвистика бойынша филология докторы РнД дәрежесін алуға әбден лайық деп бағаланады.</p>
--	--	--

Ресми рецензент:

А. Байтұрсынұлы ағылдағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

«9» ақпан 2025 жыл



А. Агдаш

Қолын қуғандырамын
 «А. Байтұрсынұлы ағылдағы Тіл білімі институты» РМҚК Терсоналды бақылау бөлімі
 құжаттамасымен қаптамасыз өту және бақылау бөлімі

« _____ » _____ 20__ ж.